

1.16. 2025–2026 оқу жылындағы Жалтыр ауылының №3 жалпы орта білім беретін мектебі ресурстық орталығының (тірек мектебінің) және Жаңатұрмыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі магниттік мектебінің бірлескен жұмыс жоспарының орындалуы туралы есеп

2025–2026 оқу жылында Жалтыр ауылының №3 жалпы орта білім беретін мектебі ресурстық орталығының (тірек мектебінің) және Жаңатұрмыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі магниттік мектебінің бірлескен жұмыс жоспарына сәйкес білім сапасын арттыруға, педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетуге және білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Жұмыс бекітілген өзара іс-қимыл жоспарына сәйкес жүзеге асырылып, қашықтықтан сабақтар өткізуді, білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізуді, педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетуді және білім беру қызметінің нәтижелерін талдауды қамтыды.

2025 жылғы қазан мен 2026 жылғы қаңтар айлары аралығында тірек мектеп мұғалімдері магниттік мектеп 7-11 сыныптағы орыс тілінде оқитын білім алушылары үшін жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер мен ағылшын тілі бойынша қашықтықтан сабақтар ұйымдастырып, өткізді. Сабақтар бекітілген кестеге сәйкес заманауи қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану арқылы жүргізілді.

Бірлескен жұмыс жоспарын іске асыру барысында төмендегі бағыттарға ерекше назар аударылды:

- білім алушылардың жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша білім сапасын арттыруға;
- оқушылардың пәндік құзыреттіліктерін дамытуға;
- білім алушыларды бақылау жұмыстары мен қорытынды бағалауға дайындауға;
- тәжірибе алмасу және заманауи білім беру технологияларын қолдану арқылы педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге.

Білім алушылардың дайындық деңгейін анықтау және білімдегі олқылықтарды айқындау мақсатында жұмыс басында жаратылыстану-математикалық цикл пәндері мен ағылшын тілі бойынша кіріс бақылау жұмыстары өткізілді. Кіріс бақылау нәтижелерін талдау проблемалық тақырыптарды анықтауға және алдағы жұмыстың мазмұнын нақтылауға мүмкіндік берді.

Өткізілген қашықтықтан сабақтардың қорытындысы бойынша білім алушылардың оқу бағдарламасы материалдарын меңгеру деңгейінде оң өзгерістер байқалды. Оқушылар тірек мектеп педагогтерімен жұмыс істеуге, күрделілігі жоғары тапсырмаларды орындауға, өздігінен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға және пәндік дайындық деңгейін арттыруға мүмкіндік алды.

Тірек және магниттік мектеп педагогтері оқу үдерісін ұйымдастыру, әдістемелік материалдармен алмасу, оқыту нәтижелерін талдау және консультациялық көмек көрсету мәселелері бойынша тұрақты өзара байланыста жұмыс жүргізді.

Жалтыр ауылының №3 жалпы орта білім беретін мектебі ресурстық орталығы (тірек мектебі) мен Жаңатұрмыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі магниттік мектебі арасындағы 2025–2026 оқу жылына арналған бірлескен жұмыс жоспары толық көлемде орындалды.

Қорытындылар:

1. Жоспарланған барлық іс-шаралар белгіленген мерзімдерде өткізілді.
2. Қашықтықтан өткізілген сабақтар жаратылыстану-математикалық цикл пәндері мен ағылшын тілі бойынша білім алушылардың білім сапасының артуына ықпал етті.
3. Кіріс бақылау жұмыстары білімдегі олқылықтарды уақытылы анықтауға және мақсатты түзету жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік берді.
4. Тірек және магниттік мектептердің өзара ынтымақтастығы педагогтерге тиімді әдістемелік қолдау көрсетуге және білім алушыларға сапалы білім алуға жағдай жасауға мүмкіндік берді.
5. Бірлескен жұмыс тәжірибесін 2026–2027 оқу жылында жалғастыру ұсынылады.

Жауапты: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Гоманюк И.Г., Кусаинова Г.Т.

Мектеп директоры



Д.Жунусова